

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ ЖҮЙЕСІ – БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

Қазіргі кезде ұлттың бәсекелестікке қабілеті білім дәрежесімен анықталатыны, білім бір халықтың өзіндік деңгейімен емес, дүниежүзілік деңгеймен салыстырып өлшенетіні белгілі. Даму үрдісінде еліміздің әлеуметтік және экономикалық саясатының жүзеге асырылуына әсер ететін факторлардың бірі – білім беру саласының өркениет үлгісіне еніп, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларымен қамтамасыз етілуі. Білім беру ісінде оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру, дамыта оқыту, іс-әрекетін белсендіру сияқты жаңа инновациялық технологиялардың маңызы артып келеді.

Жаңа инновациялық педагогикалық технологиялардың жетіліп, толығымен игерілуі және оқыту үрдісінде қолданылуы – еуропалық стандартқа, білім беру кеңістігіне еркін енудің алғы шарттары. Білім мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде. Осыған орай, маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа



Ералы НҰРҒАЛИЕВ

шешімдер мен жаңа мүмкіндіктер пайда болды.

Ақтөбе гуманитарлық колледжінің педагогикалық ұжымы жаңартылған білім берудің әдістемесімен, мазмұнымен таныса келе, тәжірибеге енгізу бағытында жоспарлы жұмыстарды жүзеге асырып келеді. Колледжінің стратегиясы, сапа саласындағы саясатының негізгі басымдығы болашақ танымдық іс-әрекетке тұрақты ынтасы бар, мықты интеллектіге ие, креативті, әлеуметтік жауапкершілігі бар кәсіптік сауаттылықтың жоғары деңгейлі түлегін дайындауға бағытталған. Еліміздегі білім беру саласының жаһандық білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты енгізіліп жатқан жаңалықтары болашақ мамандардың таным белсенділігін дамытып, білім мен дағдыларын өмір жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілігін туғызып отыр. Бұл қажеттілікке әсер ететін факторлардың бірі – материалдық-техникалық база. Соңғы жылдары материалдық техникалық

базаның жақсаруы – білім сапасының көтерілуіне оң ықпалын тигізді. Оған дәлел бірнеше жыл қатарынан бітіруші топ студенттерінің кәсіптік даярлық деңгейінің 100% көрсеткіш көрсетіп, нәтижесінде оқу орны бірнеше мәрте облыс әкімінің марапатын иеленді.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енгуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады.

Білім беру үрдісінде педагог рөлінің өзгеруі үшін және заман көшіне ілесу мақсатында өз білімін ұдайы жетілдіріп отыруды талап етеді. Оқу орнында оқытушылардың шетелдік тағылымдамадан өтуіне айрықша мән беріледі.

**Педагог қызметкерлер
Стамбулдағы "Техникалық
және кәсіптік білім беру
менеджменті" курстарында**



даярлықтан өтсе, өткен оқу жылы информатика пәнінің оқытушысы Финляндия мемлекетінде техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқытушылары үшін қысқа мерзімді тағылымдамадан өтіп келді.

Білім берудің жаңа мазмұнымен, инновациялық білім беру технологияларын игеру мақсатында колледжінің оқытушылары Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы педагогикалық кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары негізінде әзірленген педагогикалық кадрларды даярлады жүзеге асыратын гуманитарлық колледждердің бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіптік білім беру бағдарламасы тренері, орта білім мазмұнын жаңарту аясындағы пәндері бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы мазмұнында оқыту курстарынан өтті.

Аталған мәселеге байланысты «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ кәсіби білім беру орталығынан бірнеше оқытушы өз біліктіліктерін арттырды. Курстарда өзекті мәселелер қамтылып, инженерлік-педагогикалық қызметкерлер арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемесін, критериалды бағалау әдістерін, жаңартылған оқу жоспарлары мен бағдарламаларын меңгере отырып, IT-дамыту, қолданбалы бакалав-

риат бағдарламаларын енгізу және инклюзивті білім беру әдістемелерімен таныс болды. Қайта даярлау курстары интерактивті режимде жүргізіліп, ол оқытушыларға тәжірибе алмасуға, өзекті мәселелерді талқылай отырып шешуге және жетістіктерімен бөлісуге жағдай жасады.

Курстардан өту оқытушыларға білім беру бағдарламасын жаңарту аясында өзінің педагогикалық шеберлігін жетілдіруге көмектесті. Оқытушылар критериалды бағалау жүйесін өз тәжірибесіне енгізіп, коллаборативті (топпен оқыту) орта құрып, оқытудың жаңа белсенді формалары мен әдістерін тәжірибелерінде кеңінен қолдануларына мүмкіндіктер алды. Жаңартылған білім оқытушының және оқу үрдісінде білім алушының танымдық ерекшеліктерін қабылдаудың жаңаша тәсілін анықтауға мүмкіндік берді. Курстардан өту кезінде колледж оқытушылары өз пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымы, мазмұны, жүйелілігі, мақсаттары және міндеттерімен танысты.

Сонымен қатар "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы "АҚ тренерлері өткізген «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқыту процесін жобалау», «Инновациялық әдістемелерді енгізу және қолдану контекстінде білім беру мазмұнын жаңарту», «Критериальное оценивание как фактор развития функциональной грамотности учащихся на уроках русского языка и литературы в условиях обновления

содержания образования» тағы басқа тақырыптардағы оқыту семинарлары оқытушылардың өз тәжірибелеріне тың жаңалықтар енгізіп, оны болашақ мамандарға тәжірибе барысында қолдануына бағыт-бағдар беруге көмектесті. Жылма-жыл оқытушылардың базалық курстардан өтуі жаңартылған бағдарлама бойынша бірнеше колледжішілік, облыстық деңгейде түрлі форматта семинар, ықшам сабақтар ұйымдастырып, өз жұмыстарының нәтижесін көрсетуге септігін тигізді.

Бүгінде Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы, "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ өкілдері, облыс, қала мектептерінің мұғалімдері мен колледжінің 4-курс студенттерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер, оқыту семинарлары, кездесулер сияқты әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру дәстүрге айналып отыр.

Бітіруші топ студенттерінің қала мектептерінде «Жаңартылған бағдарламалар бойынша бастауыш пәндерін оқыту ерекшеліктері», «Жаңартылған білім беру мазмұны: ізденіс және тәжірибе», «Жаңартылған білім беру аясында бастауыш кластарда тиімді оқытуды ұйымдастыру жолдары», «Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы интербелсенді әдістер», «Современные образовательные технологии в начальной школе» тақырыптарында дөңгелек үстел, шебер-кластар мен семинарларға белсене араласып, өз білімдері мен кәсіби біліктерін дамытуға мән беру үрдіске айналды. Аталған жұмыс түрлері жоспарлы түрде жалғастырылып, бітіруші түлектерімізбен қатар III курс студенттерін де қатыстыру жолға қойылды.

Оқытудың инновациялық әдістері мен тәсілдері білім алушыларды шет тілінде оқу процесіне белсенді тартуға, оларға тілдік дағдыны бірқалыпты, кезең бойынша енгізу жағдайында үш тілде табысты пәндік оқытуға ықпал ететінін тәжірибе көрсетті. Тілдерді білу – бұл заманауи түлектің бәсекеге қабілетті маман мәртебесіне қадамы, кәсіби сұранысқа ие болу мүмкіндігі.

Сабақтың ең тиімді формаларының бірі – пәндерді CLIL пәндік-тілдік интеграцияланған оқытуға бағытталған білімдер мен практикалық дағдыларға оқыту. Осы мақсатта 2017-2018 оқу жылынан бастап «Бастауыш білім беру» және «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандықтарында оқу-тәрбие үдерісіне үштілділікті енгізу бойынша жұмыс басталды. Бұл – Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырудағы маңызды қадам, сонымен қатар үштілділік, еуразиялық полимәдениеттілік анықталған базалық құзыреттіліктердің бірі болып табылады. Осыған байланысты ұжымның 60 оқытушысы (40%) ағылшын тілі курстарын оқып, арнайы сертификат алды.

"Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: "Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам" бағдарламасында ел Президенті дуалды білім беру жүйесін енгізуге мән береді, соның арқасында біздің мемлекеттегі білім деңгейі айтарлықтай артып, ал білікті мамандар саны көбейеді. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, дуалды білім беру жүйесін енгізу білікті мамандарды даярлау мәселесін шешеді, өйткені білім беру мекемелерінде теориялық білім алумен қатар білім алушы тікелей өндірісте практикалық дайындықтан өтеді, бұл қазіргі заманауи талаптарға жауап береді.

Осы мақсатта 2016-2017 оқу жылынан бастап "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығын дуалды білім беру жүйесіне көшіру жоспарлы жүзеге асып келеді. Бөлім студенттері



оқу жоспары бойынша жүктеме сағатының 60 %-ын мектепке дейінгі мекемелерде тәжірибеден өтіп, білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша тәжірибе жинақтауда.

Жылма-жыл оқу орнында әдістемелік жұмыс жасау бағыттары кеңейтіліп, жетілдіру жұмыстары жүйелі жүргізіледі. Соның бір айғағы «Кәсіби шеберлік» мектебі эксперименттік алаңы құрылып, бүгінде перспективтік жоспарды жүзеге асырып отыр. «Кәсіби шеберлік» мектебінің мақсаты – білімнің жаңа құбылыстарын түсінетін, өзіндік көзқарастар жүйесіне ие, идеялық-адамгершілікті, мәдени және этикалық қағидаларды ұстанатын, әлеуметтік жауапкершілікті қызметке және тез өзгергіш әлемдегі

үздіксіз білім алуға дайын болатын, жан-жақты, білімді, әлеуметтік белсенді шығармашылық тұрғыда дамитын тұлғаны қалыптастыратын оқытушыларды дамыту.

«Кәсіби шеберлік» мектебінде озық тәжірибелі оқытушылар бірлесіп, педагог мамандар даярлау барысындағы өзекті мәселелерді шешуге атсалысып келеді. Педагогтарды жаңа форматтағы дайындықтан өткізу арқылы маман даярлау бағытында білім берудегі жоғары сапаға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жаңартылған білім беру бағдарламасының 7 модулі бойынша деңгейлік курстан өткен тренерлердің ұйымдастыруымен жоспарға сай жүйелі түрде «Жас оқытушылар» мектебіне әдістемелік көмек ретінде оқыту семинарларын өткізіп, оны іс-тәжірибеге енгізу бағытындағы жұмыстар мен нәтижесін қорытындылап отыру ісі жүргізіледі.

Қазіргі кезеңде мамандарды даярлау үшін нақты білімді игеру жеткіліксіз. Колледжде болашақ мамандардың әдіснамалық мәдениетін және шығармашылық ойлауын дамыту үшін студенттерді өздігінен білім алуға үйрету, жаңа ғылыми-зерттеу бастамалы пікірлерін қалыптастыру мақсатында 11 ғылыми-шығармашылық орталық жұмыс жасайды. Оқу орнында даярланатын мамандықтарға қарай ғылыми-шығармашылық орталық бағыттары әр алуан. «Білім және жаңалық» ғылыми-шығармашылық орталығы студенттерге білім саласындағы жаңалықтарды таныстырып, оған өз көзқарастарын қалыптастыру бағытында алған білім,




дағдыларын жетілдіру үшін жоспарланатын жұмыстармен айналысады. Жас математиктердің «Платон» ғылыми-шығармашылық тобы мүшелері Халықаралық Экология және Инженерия Ғылым Академиясы өткізген «Математикалық ринг», Халықаралық педагогика және инновациялық технологиялар Академиясы өткізген халықаралық олимпиада, «Қазақстан Ұстазы» қоғамы ұйымдастырған математикадан республикалық олимпиада және халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-практикалық конференция жүлдегерлері.

Білім беру бағдарламасының жаңартылған мазмұны – Қазақстанды зияткерлік дамудың жаңа толқынына шығаратын, елді жаңа формациядағы адам ресурстарымен байытатын мазмұн.

Қазіргі білім беру жүйесі ізденуді талап етеді. Колледжінің жоғары оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен және әлеуметтік серіктес мекемелермен тығыз байланыста жұмыс істеуі – басты, қажетті факторлардың бірі. Кәсіби мамандарды дайындауда Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандартын жүзеге асырудың негізгі міндеті – ғылым мен білімді тәжірибемен ұштастыру.

Студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізу, еңбекке орналастыру, арнаулы пән оқытушыларының өндірісте тәжірибелерін шыңдау және жүзеге асыру мақсатында қаламыздағы



20-ға жуық мектеп пен 13 мектепке дейінгі ұйым, 5 кітапхана, 2 мәдениет мекемесімен келісімшарт негізінде тәжірибе ұйымдастырылып отыр. Тәжірибе жұмысының нәтижелі өтуі – болашақ мамандардың жұмыспен қамтылуына да өз ықпалын тигізеді.

Шығармашыл оқытушы – студенттердің өзіне деген сенімін арттырып, іс-әрекетін демеп, қабілетін, шығармашылық жұмысының бастамасын дамытуға жағдай туғызатын негізгі тұлға.

Колледж студенттері түрлі халықаралық, республикалық, облыстық іс-шараларға белсене қатысады. «Ақберен» әуесқой театр үйірмесі мүшелері Облыстық «Жаңа сахна» театралдық фестивалінің «Үздік режиссер», «Үздік ер адам рөлі»

номинациясының, республикалық «Қазақстан таланты» рухани-патриоттық байқауында «Жас сахна» номинациясы бойынша I орын иегерлері. «Жайдарман» көңілді тапқырлар клубының «Феномен» командасы республикалық «Маусымашар-2018» ойынында өнер көрсетіп ТВ-лига, премьер-лига ойындарына жолдама алды және премьер-лиганың 1/8, 1/4 ойындарында өнер көрсетті. «Феномен», «Оптимистер» командалары облыстық «Жайдарман-2018» жоғары лиганың 1/8, 1/4, 1/2 ойындарында өнер көрсетті.

Халықаралық, республикалық түрлі байқауларда бас жүлде және жоғары орындардан көрініп жүрген аралас хор ұжымы бүгінде облысымыздың ғана емес, республикамыздың да мақтанышы болып отыр. Оған жетекшілік ететін жас мамандар М.Құспанов, М.Абишевтардың еңбектерін айрықша атап өткен жөн.

«Робототехника негіздері» бойынша колледж студенттері облыстық креативті робо-жобалар байқауларының жеңімпаздары.

Білім жүйесін реформалаудың басты мақсаты – білімді игеруде күтілетін нәтижелерге қол жеткізу. Ал оқыту нәтижелері білім алушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді игеруіне ықпал етеді. Сондықтан да білім жүйесіндегі жаңашылдық, ең алдымен, ұстаздар қауымының алдына үлкен міндет, басым бағыт қояды. Ақтөбе гуманитарлық колледжінің оқытушылар құрамы білім беру бағдарламасының жаңартылған мазмұнын өз тәжірибелеріне енгізіп, болашақта осы бағыттағы жұмысты талапқа сай жалғастыра бермек.

Ералы НҰРҒАЛИЕВ,
Ақтөбе гуманитарлық колледжі директоры,
«ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері

АННОТАЦИЯ

В Актыбинском гуманитарном колледже с учетом потребностей трудового рынка была проведена большая работа по подготовке востребованных в регионе квалифицированных кадров. Особое внимание уделяется повышению грамотности студентов в разных областях науки. Успешным опытом работы делится с читателями директор колледжа Ералы Нургалиев.

